



«KAZENERGY» қауымдастығының 15 жылдығын мерекелеу аясында оқушылар мен студенттерге арналған «Энергия – өмір көзі» анимациялық және танымдық видеороликтер байқауын өткізу туралы ереже

Жалпы ережелер:

Оқушылар мен студенттерге арналған «Энергия – өмір көзі» анимациялық және танымдық видеороликтер байқауын (бұдан әрі – Конкурс) "KAZENERGY «Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы» (бұдан әрі - KAZENERGY) заңды тұлғалар бірлестігі өткізеді.

Байқауға қатысу - тегін.

Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты:

- KAZENERGY ресми youtube-арнасында орналастырылатын танымдық анимациялық видеороликтерді дайындау арқылы жастарды адам өміріндегі энергетикалық ресурстардың рөлімен таныстыру.

Міндеттер:

- Анимациялық видеороликтер арқылы энергетика саласын зерттеуге жастарды тарту;
- Дарынды және мақсатшыл жастарды іздеу және қолдау;
- Позитивті бағытталған шығармашылық қызметті насихаттау.

Байқаудың қатысушылары:

- 17 және 22 жас аралығындағы жастар*;

* Жоғары буын оқушылары (9-11 сынып), Қазақстан Республикасы колледждері мен жоғары оқу орындарының студенттері (1-4 курс).

Байқау өтетін мерзімдер:

- **2020 ж. «02» қараша**– анимациялық видеороликтер байқауын анонстау.
- **2020 ж. «15» желтоқсан** – қатысуға өтінімдерді қабылдаудың аяқталуы.
- **2021 ж. «20» қаңтар**– қатысуға жұмыстарды қабылдаудың аяқталуы.
- **2021 ж. «21-27» қаңтар**– қазылар алқасының отырысы, қорытынды шығару.
- **2021 ж. «27» қаңтар** - KAZENERGY ресми интернет-платформаларында жеңімпаздар тізімін жариялау.

Байқау жұмыстарын ұсыну тәртібі:

Байқауға қатысу үшін мыналар қажет:

- байқауға қатысуға өтінімді қоса берілген нысан бойынша толтырып (№1 қосымша), **2020 ж. «15» желтоқсаннан кешіктірмей** жіберу;

Төменде көрсетілген құжаттардың толық пакетін 2021 жылғы 20 қаңтарға дейінгі мерзімде мына электронды мекенжайға жолдау қажет: a.utenyazov@kazenergy.com.

- байқаудың анимациялық ролигінің сілтемесі;
- оқу орнынан анықтама.

Хаттың тақырыбында «Энергия – өмір көзі» байқауына жұмыс» деп көрсету қажет.

Байқау бір номинация бойынша өткізіледі:

- Анимациялық видеоролик

Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар:

Байқау жұмыстарына қойылатын жалпы талаптар:

- Жұмыстың жанры – анимациялық видеоролик;
- видеомонтаждың және векторлық редакторлардың барлық түрлерін пайдалануға рұқсат етіледі;
- Байқауға Байқау тақырыбына сәйкес жұмыстар ұсынылады;
- Байқаудың мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін аяқталған бірегей туындылар ғана қатысуға рұқсат етіледі;
- Байқаудың жұмысы толығымен дербес орындалуы тиіс: интернет-көздерде бар материалды пайдалануға тыйым салынады;
- Байқау жұмыстары патриоттық, ұлттық немесе діни тақырыптарды қозғайтын элементтерді қамтымауға тиіс.

Анимациялық видеороликтерге ойылатын талаптар:

- анимациялық видеороликтің максималды ұзақтығы – **3-4 минут**;
- видеороликтің формат – **mp4, wmv, mov, avi**;
- аудио-дыбыстық сүйемелдеудің болуы-міндетті болып табылады;
- осы үш тілдің кез келгенін пайдалануға болады: қазақ, орыс, ағылшын;
- видеороликтегі музыкалық сүйемелдеу авторлық немесе лицензиялық болуы (музыкалық туындыны ақылы не тегін ресурста пайдалануға құқықтарды сатып алғанын растауы болуы, құқық иесінен рұқсаты болуы) не қоғамдық игілік санатына жатуы тиіс;
- графикалық және статистикалық деректерді пайдалану басымдық береді;
- анимациялық видеоролик байқауға жүктеу сілтемесі түрінде ұсынылады, ол **2020 жылдың 31 желтоқсанына** дейін қол жетімді болуы керек.

Анимациялық видеороликтердің тақырыптары:

Анимациялық видеороликтер ақпараттық және танымдық сипатқа ие болып, энергия ресурстарын пайдалану мен өндірудің мәнін ашуы керек.

Тақырыптар бойынша вебинарлар:

Байқау шеңберінде таңдалған тақырыптар бойынша қосымша ақпарат алу үшін энергетика саласы сарапшыларының жобаға қатысушылармен бірқатар онлайн кездесулері өтеді. Вебинарлар мұнай-газ саласын ішінен зерттеуге, қызметтің негізгі аспектілерін, мұнай өнімдерінің адам өміріндегі өзара байланысын түсінуге мүмкіндік береді. *(Кесте "KAZENERGY" қауымдастығының ресми сайтында жарияланатын болады).*

Тақырып мысалдары:

1. Мұнай дегеніміз не?
2. Газ дегеніміз не?
3. Электр қуатын қайдан алады?
4. Автомобиль қалай жүреді?
5. Атом қалай жұмыс істейді?
6. Жаңартылатын энергия көздері.
7. Энергия тиімділігі.
8. Пластик дегеніміз не және оны қайдан алады?
9. Күн мен Жел теледидарды іске қоса ала ма?
10. Бізге неге қоқысты сұрыптау қажет?
11. Бұрғылау станогы қалай жұмыс істейді?
12. Көмір үйімізді қалай жылытады?
13. Электр қуаты үйімізге қайдан келеді?
14. Мұнай мен доңғалақтың резеңкесі арасында қандай байланыс бар?
15. Газды сұйықтыққа айналдыруға бола ма?
16. Адамдарды мұнаймен емдеуге бола ма?
17. Батарейка дегеніміз не?
18. Су және энергия

19. Мұнайшылар деген кімдер?
20. Геология. Мұнай қайда орналасқан?
21. Бензин мен ЖЖМ басқа түрлерін қайдан алады?
22. Мұнай құбыры қалай жұмыс істейді?

Ескертпе: KAZENERGY тақырыпты ашу бойынша ақпарат беруге дайын, мына эл.почтаға хабарласыңыздар: a.utenyazov@kazenergy.com.

Байқаудың қорытындысын шығару және бағалау критерийлері:

Байқау жұмыстарын бағалау үшін қазылар алқасы құрылады, оның құрамына кәсіби видеографтардың өкілдері, қауымдастық мүшелерінің және KAZENERGY жас мамандары, сондай-ақ қоғам қайраткерлері кіреді (қазылар алқасының тізімі кейінірек жарияланады). Қазылар алқасы мазмұнды және техникалық сараптамалық бағалардан тұратын анимациялық видеороликтерге сараптама жүргізеді.

Анимациялық видеороликтерді мазмұндық сараптамалық бағалау келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

- Байқау жұмысының мәлімделген тақырыпқа сәйкестігі;
- анимациялық видеороликтің ерекшелігі;
- ақпараттың толық ашылуы;
- ақпараттылық.

Анимациялық видеороликтерді техникалық сараптамалық бағалау келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

- видеотүсірілімнің сапасы;
- арнайы экспрессивті құралдарды меңгеру деңгейі;
- эстетикалығы (жалпы эмоционалдық қабылдау);
- анимациялық видеороликтің мәлімделген талаптарға сәйкестігі.

Байқаудың барлық қатысушыларына қатысушы сертификаттары беріледі, байқау жеңімпаздары дипломдармен және сыйлықтармен марапатталады:

- 1-орын – 300 000 теңге;
- 2 x 2-орын – 200 000 теңге;
- 2x 3-орын – 150 000 теңге.

KAZENERGY байқау жеңімпаздарына 2021 жылғы қыркүйекке жоспарланған жыл сайынғы KAZENERGY Еуразиялық форумына қатысу мүмкіндігін ұсынады (жол жүру, тұру ұйымдастырушылардың есебінен жабылады).

Анимациялық видеороликтер KAZENERGY қауымдастығының ресми youtube-арнасында автордың аты-жөнін көрсете отырып орналастырылады.

Авторлық құқықтар және дербес деректер:

- Байқауға қатысатын жұмыста Қазақстан Республикасының Авторлық құқықтар туралы заңнамасы талаптарының сақталуына осы жұмысты жіберген автор жауапты болады;

- Қатысушы байқауға жұмысты ұсына отырып, егер KAZENERGY-ге үшінші тұлғалардың зияткерлік меншік нәтижелеріне құқықтарды бұзу туралы осындай жұмысты көрсетуге байланысты наразылықтары қойылса, қатысушы ұсынылған наразылықтарды дербес реттеуге және (немесе) үшінші тұлғалар шеккен барлық шығындарды өтеуге, сондай-ақ уәкілетті органдар белгілеген өзге де төлемдерді өз есебінен өтеуге міндеттенеді;

- Автор байқауға өзінің анимациялық видеороликтерін жібере отырып, байқау ұйымдастырушыларына ұсынылған материалды коммерциялық емес мақсаттарда пайдалануға (интернет желісінде, телебағдарламаларда орналастыру, шығармашылық жобаларға қатысу, БАҚ-тағы жарияланымдар, одан әрі тираждау және т. б.) автоматты

түрде құқық береді.);

- байқауға қатысушылар өздерінің дербес деректерін (тегі, аты, әкесінің аты, электрондық пошта мекенжайлары және Конкурсқа қатысушылар хабарлаған өзге де дербес деректер) өңдеуге келісімін береді..

Байланыс ақпараты:

Телефон: +7 (7172) 79 49 70

E-mail: a.utenyazov@kazenergy.com

Оқушылар мен студенттерге арналған «Энергия – өмір көзі» анимациялық және танымдық роликтер байқауына қатысушының өтініш нысаны

1	АТЫ ТЕГІ	
2	АТЫ ТЕГІ ЛАТЫН ҚАРПІМЕН (паспорт деректеріне сәйкес толтырылады)	
3	ЖЫНЫСЫ:	
4	ТУҒАН КҮНІ АЙЫ ЖЫЛЫ:	
6	БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ (E-MAIL, ТЕЛ.):	
8	ЖҰМЫС ОРНЫНЫҢ АТАУЫ:	
9	ТАҚЫРЫБЫ:	
10	ОРЫНДАУ ТЕХНИКАСЫ (БАҒДАРЛАМА):	
11	ОҚУ ОРНЫНЫҢ АТАУЫ, МЕКЕНЖАЙЫ:	

Келісім

Мен, жоғарыда көрсетілгендей, осы келісіммен өзімнің «Энергия-өмір көзі» атты анимациялық және танымдық видеороликтер байқауына қатысатынымды растаймын. Байқаудың ережесіне сәйкес қатысу шарттарымен таныстым және ұсынылған деректердің дұрыстығына және авторлық этиканың (плагиат, жалған тең авторлық) сақталуына толық жауапты боламын.

Тіркеу кезінде көрсетілген дербес және өзге де деректерді өңдеуге, фото-видеотүсірілімге келісемін және байқауды ілгерілету мақсатында ұйымдастырушының материалдарды пайдалануына қарсылық білдірмеймін.

Растау *

(Жоғарыда аталған шарттарды қабылдауыңыз керек)

(қолы)